

Халықтың санитариялық-эпидемиологиялық салауаттылығы саласында жеке кәсіпкерлік аясындағы тәуекелдер дәрежесін бағалау критерийлерін бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2011 жылғы 31 қаңтардағы № 59 және Қазақстан Республикасы Экономикалық даму және сауда министрінің 2011 жылғы 25 ақпандағы № 45 Бірлескен бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2011 жылы 28 наурызда № 6841 тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2012 жылғы 3 қыркүйектегі № 602 және Қазақстан Республикасы Экономикалық даму және сауда министрінің 2012 жылғы 21 қыркүйектегі № 272 Бірлескен бұйрығымен.

Ескерту Бұйрықтың күші жойылды - ҚР Денсаулық сақтау министрінің 2012.09.03 № 602 және ҚР Экономикалық даму және сауда министрінің 2012.09.21 № 272 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Бірлескен бұйрығымен.

«Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Қазақстан Республикасының 2009 жылғы 18 қыркүйектегі Кодексінің 19-бабының 5-тармағына, «Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік бақылау және қадағалау туралы» Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 6 қаңтардағы Заңының 13-бабының 4-тармағына сәйкес **БҰЙЫРАМЫЗ:**

1. Қоса беріліп отырған Халықтың санитариялық-эпидемиологиялық салауаттылығы саласында жеке кәсіпкерлік аясындағы тәуекелдер дәрежесін бағалау критерийлері бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық қадағалау комитеті осы бірлескен бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігіне мемлекеттік тіркеуге жіберсін.

3. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Заң қызметі департаменті:

1) осы бірлескен бұйрықты мемлекеттік тіркелгеннен кейін оны ресми жариялауға жіберсін;

2) осы бірлескен бұйрықты Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің ресми интернет-ресурсында жариялауды қамтамасыз етсін.

4. «Халықтың санитариялық-эпидемиологиялық салауаттылығы саласындағы тәуекелдер дәрежесін бағалау критерийлерін бекіту туралы» Қазақстан

Республикасы Денсаулық сақтау министрінің міндетін атқарушының 2010 жылғы 5 ақпандағы № 72 және Қазақстан Республикасының Экономика және бюджеттік жоспарлау министрінің 2010 жылғы 8 ақпандағы № 35 бірлескен бұйрығының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде 2010 жылғы 19 ақпанда № 6063 болып тіркелген, «Заң газеті» газетінде 2010 жылғы 13 мамырда № 67 (1689) жарияланған) күші жойылды деп танылсын.

5. Осы бірлескен бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау вице-министрі Е.Ә. Байжүнісовке жүктелсін.

6. Осы бірлескен бұйрық алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

<i>Қазақстан Республикасының</i> <i>Денсаулық сақтау министрі</i> ----- <i>С. Қайырбекова</i> _____ <i>Ж. Айтжанова</i>	<i>Қазақстан Республикасының</i> <i>Экономикалық даму және сауда</i> <i>министрі</i>
--	--

Қазақстан	Республикасының
Денсаулық	сақтау министрінің
2011 жылғы 31 қаңтардағы № 59	
және Қазақстан Республикасының	
Экономикалық даму және	
сауда министрінің	
2011 жылғы 25 ақпандағы № 45	
бірлескен бұйрығымен бекітілген	

Халықтың санитариялық-эпидемиологиялық салауаттылығы саласында жеке кәсіпкерлік аясындағы тәуекелдер дәрежесін бағалау критерийлері

1. Жалпы ережелер

1. Осы Халықтың санитариялық-эпидемиологиялық салауаттылығы саласында жеке кәсіпкерлік аясындағы тәуекелдер дәрежесін бағалау критерийлері (бұдан әрі – Критерийлер) мемлекеттік санитариялық-эпидемиологиялық қадағалау объектілерін (бұдан әрі – объектілер) тәуекел топтарына жатқызу мақсатында тәуекелдер дәрежесін бағалау критерийлерін айқындау және жоспарлы тексерулерді жүзеге асыру үшін тәуекелге бағалау жүргізуге құқылы мемлекеттік санитариялық-эпидемиологиялық қызмет органдары үшін әзірленді.

2. Критерийлерде мынадай ұғымдар пайдаланылды:

1) халықтың санитариялық-эпидемиологиялық салауаттылығы саласындағы

тәуекел – зардаптарының күрделілік дәрежесін есепке ала отырып, адам денсаулығына зиян келтіру мүмкіндігі;

2) тәуекел дәрежесін бағалау критерийі – тәуекелді бағалауды жүзеге асыру негізіндегі санитариялық-эпидемиологиялық талаптар;

3) тәуекел санаты – критерийлерге сәйкес айқындалатын тәуекелдің жалпы дәрежесі бар объектілер тобы;

4) мемлекеттік санитариялық-эпидемиологиялық қадағалауды жүзеге асыру барысында тәуекелдерді басқару жүйесі – инфекциялық және паразиттік аурулардың туындау, аса қауіпті инфекциялар қоздырғыштарының немесе тасымалдағыштарының таралу ықтималдығын, халық денсаулығы үшін қауіпсіз емес өнімдерді өндіруді және өткізуді, зиянды факторлардың кәсіптік аурулар мен уланулардың пайда болуына әсер ету мүмкіндігін бағалау;

5) базалық жиілік – объектілерді тексерудің барынша көп жиілігі.

3. Мемлекеттік санитариялық-эпидемиологиялық қадағалауды жүзеге асыру кезінде тәуекелдерді басқару жүйесі мыналарға:

1) нақты объектіге қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптарды айқындайтын Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілеріне;

2) зертханалық-аспаптық зерттеулердің нәтижелеріне;

3) объектілердің эпидемиологиялық маңыздылығына;

4) санитариялық-эпидемиологиялық мониторинг деректеріне негізделеді.

2. Мемлекетті санитариялық-эпидемиологиялық қадағалау объектілерінің тәуекелдерін айқындау және тәуекелдер топтарына жатқызу критерийлері

4. Объектілерді тәуекел дәрежесі бойынша бөлу жоспарлы тексерулер жиілігін анықтау үшін жүргізіледі.

5. Объектілердегі жоспарлы тексеру және оның мерзімділігі екі кезеңде анықталады:

1) бірінші кезең – тексерулердің базалық жиілігімен объектінің тәуекел дәрежесі бойынша тобын бекіту;

2) екінші кезең – әрбір топтың ішінде объекті тәуекелінің дәрежесі бойынша жоспарлы тексерулер санын анықтау.

6. Объектілер тәуекел дәрежесін бағалау критерийлері бойынша Критерийлерге 1-қосымшаға сәйкес үш топқа бөлінеді:

1) бірінші топқа айына бір рет жоспарлы тексерудің базалық жиілігімен тәуекел дәрежесі жоғары объектілер жатқызылған;

2) екінші топқа тоқсанына бір рет жоспарлы тексерудің базалық жиілігімен тәуекел дәрежесі орташа объектілер жатқызылған;

3) үшінші топқа жылына бір рет жоспарлы тексеру жиілігімен тәуекел

дәрежесі елеусіз объектілер жатқызылған.

7. Топтардағы объектілерді бөлу:

1) Критерийлерге 2-қосымшада келтірілген талаптарға негізделген критерийлерді бағалау;

2) Критерийлерге 3-қосымшаға сәйкес баллдарды есептеулер негізінде базалық жиілікке қарай жүзеге асырылады.

8. Талаптарды бұзу өрескел бұзушылықтар, орташа бұзушылықтар және елеусіз бұзушылықтар болып бөлінген. Әрбір бұзушылық бойынша топтар ішінде балл белгіленген. Бұл ретте жоғарыдағы топтың бір баллы алдыңғы топтың баллының сомасынан артық болады.

9. Бақылаудағы объектілерді тәуекел дәрежесі бойынша бөлу өткен жылғы тексерулердің талдаулар нәтижелері бойынша жүзеге асырылады.

10. Объектілердің тәуекел дәрежесін анықтау бойынша есептеуді мемлекеттік санитариялық-эпидемиологиялық қадағалау органының мамандары жүргізеді және осы органның басшысы Критерийлерге 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша бекітеді.

11. Критерийлерді бағалау нәтижелері және жиналған баллдар бойынша:

1) бірінші топ объектісі тәуекелдің мынадай үш дәрежесінің біріне: айына бір рет жоспарлы тексеру жиілігімен тәуекелдің жоғары дәрежесіне; тоқсанына бір рет жоспарлы тексеру жиілігімен тәуекелдің орташа дәрежесіне;

жылына бір рет жоспарлы тексеру жиілігімен тәуекелдің елеусіз дәрежесіне жатқызылатын болады;

2) екінші топ объектісі тәуекелдің мынадай екі дәрежесінің біріне: тоқсанына бір рет жоспарлы тексеру жиілігімен тәуекелдің орташа дәрежесіне;

жылына бір рет жоспарлы тексеру жиілігімен тәуекелдің елеусіз дәрежесіне жатқызылатын болады.

12. Егер объектіде жыл бойы тексерулер барысында бұзушылықтар анықталмаған болса, онда алдағы жылға тексерулер жоспарын құру кезінде:

бірінші топ объектілері тексеру жиілігі тоқсанына бір рет немесе жылына бір рет болатын екінші немесе үшінші топқа ауыстырылады; екінші топ объектілері тексеру жиілігі жылына бір рет болатын үшінші топқа ауыстырылады.

13. Ескерту. 13-тармақ алынып тасталды - ҚР Денсаулық сақтау министрінің 2012.05.08 № 325 және ҚР Экономикалық даму және сауда министрінің 2012.05.15 № 153 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Бірлескен бұйрығымен.

14. Бақылаудағы объектілерді тексеру жоспары Критерийлерге 5-қосымшаға сәйкес нысан бойынша тәуекел дәрежесін есепке ала отырып жасалады.

Халықтың санитариялық-эпидемиологиялық салауаттылығы саласында жеке кәсіпкерлік аясындағы тәуекелдер дәрежесін бағалау критерийлеріне
1-қосымша

Тәуекел дәрежесіне байланысты топтары бойынша бақылау объектілерін бөлу, тексерулер мен зертханалық-аспаптық зерттеулердің базалық жиілігі

1 топ – тәуекел дәрежесі жоғары объектілер

р/с №	Объектілердің түрлері	Тексерулердің базалық жиілігі	Бір жылдағы зертханалық-аспаптық зерттеулер жиілігі			
			Бактериологиялық бақылау	Паразитологиялық бақылау	Санитариялық-химиялық бақылау	Физикалық факторларды бақылау
1	Балалардың сүт асүйлері	айына бір рет	тәуекел дәрежесі бойынша белгіленген тексерулер жиілігіне сәйкес (бұдан әрі – белгіленген жиілікке сәйкес)	-	пайдалануға енгізу кезінде, белгіленген жиілікке сәйкес	пайдалануға енгізу кезінде, жылына бір рет
2	Балаларды сауықтыру объектілері (жыл бойы, маусымдық)	айына бір рет	белгіленген жиілікке сәйкес	белгіленген жиілікке сәйкес	пайдалануға енгізу кезінде, белгіленген жиілікке сәйкес	пайдалануға енгізу кезінде, жылына бір рет
3	Адамдарды тасымалдауға пайдаланылатын темір жол көлік құралы. Темір жол, әуе, теңіз, ішкі су көлігіндегі қоғамдық тамақтандыру объектілері	айына бір рет	белгіленген жиілікке сәйкес	-	пайдалануға енгізу кезінде, белгіленген жиілікке сәйкес	пайдалануға енгізу кезінде, жылына бір рет

2 топ – тәуекел дәрежесі орташа объектілер

--	--	--	--	--	--	--

р/с №	Объектілердің түрлері	Тексерулердің базалық жиілігі	Бір жылдағы зертханалық-аспаптық зерттеулер жиілігі			
			Бактериологиялық бақылау	Паразитологиялық бақылау	Санитариялық химиялық бақылау	Физикалық факторларды бақылау
1	Сумен жабдықтау көздері, су құбыры құрылыстары мен желілері	тоқсанына бір рет	белгіленген жиілікке сәйкес	белгіленген жиілікке сәйкес	пайдалануға енгізу кезінде, белгіленген жиілікке сәйкес	пайдалануға енгізу кезінде, жылына бір рет
2	Интернат ұйымдары	тоқсанына бір рет	белгіленген жиілікке сәйкес	белгіленген жиілікке сәйкес	пайдалануға енгізу кезінде, белгіленген жиілікке сәйкес	пайдалануға енгізу кезінде, жылына бір рет
3	Сүт өңдеу объектілері, дайын сүт өнімін өндіретін объектілер	тоқсанына бір рет	белгіленген жиілікке сәйкес	-	пайдалануға енгізу кезінде, белгіленген жиілікке сәйкес	пайдалануға енгізу кезінде, жылына бір рет
4	Ет өңдеу объектілері, еттің жартылай фабрикаттарын және/немесе дайын ет өнімін өндіретін объектілер	тоқсанына бір рет	белгіленген жиілікке сәйкес	-	пайдалануға енгізу кезінде, белгіленген жиілікке сәйкес	пайдалануға енгізу кезінде, жылына бір рет
5	Кондитерлік, кондитерлік-крем бұйымдарын және ұнның жартылай фабрикаттарын өндіретін объектілер	тоқсанына бір рет	белгіленген жиілікке сәйкес	-	пайдалануға енгізу кезінде, белгіленген жиілікке сәйкес	пайдалануға енгізу кезінде, жылына бір рет
6	Тамақ өнімінің көтерме сауда объектілері	тоқсанына бір рет	белгіленген жиілікке сәйкес	-	пайдалануға енгізу кезінде, белгіленген жиілікке сәйкес	пайдалануға енгізу кезінде, жылына бір рет
7	Қоғамдық тамақтану объектілері	тоқсанына бір рет	белгіленген жиілікке сәйкес	-	пайдалануға енгізу кезінде, белгіленген жиілікке сәйкес	пайдалануға енгізу кезінде, жылына бір рет
8	Арнайы мақсаттағы тамақ өнімдерін, биологиялық активті қоспаларды және өзге де тамақ өнімдерінің топтарын өндіретін және өткізетін объектілер	тоқсанына бір рет	белгіленген жиілікке сәйкес	-	пайдалануға енгізу кезінде, белгіленген жиілікке сәйкес	пайдалануға енгізу кезінде, жылына бір рет
9	Сүт дайындау объектілері (сүт-тауар фермалары, сүт			-	пайдалануға енгізу кезінде,	пайдалануға енгізу

	блоктары, сүт қабылдау пункттері)	тоқсанына бір рет	белгіленген жиілікке сәйкес		белгіленген жиілікке сәйкес	кезінде, жылына бір рет
10	Алкогольсіз өнім өндіретін объектілер (оның ішінде сыйымдылықтарға өлшеп-оралған сусындар мен ауыз су)	тоқсанына бір рет	белгіленген жиілікке сәйкес	-	пайдалануға енгізу кезінде, белгіленген жиілікке сәйкес	пайдалануға енгізу кезінде, жылына бір рет
11	Медициналық техника мен медициналық мақсаттағы бұйымдарды өткізетін объектілерден басқа фармацевтикалық қызмет объектілері	тоқсанына бір рет	белгіленген жиілікке сәйкес	-	пайдалануға енгізу кезінде, белгіленген жиілікке сәйкес	пайдалануға енгізу кезінде, жылына бір рет
12	Дәстүрлі емес және халық медицинасы объектілері	тоқсанына бір рет	белгіленген жиілікке сәйкес	белгіленген жиілікке сәйкес	пайдалануға енгізу кезінде, белгіленген жиілікке сәйкес	пайдалануға енгізу кезінде, жылына бір рет
13	Орталықтанбаған сумен жабдықтау объектілері	тоқсанына бір рет	белгіленген жиілікке сәйкес	-	пайдалануға енгізу кезінде, белгіленген жиілікке сәйкес	пайдалануға енгізу кезінде, жылына бір рет
14	Стационарлық көмек көрсететін денсаулық сақтау объектілері, оның ішінде перинаталдық орталықтар, перзентханалар, гинекологиялық бөлімшелер, хирургиялық стационарлар, бөлімшелер, операциялық блоктар, инфекциялық, туберкулез ауруханалары	тоқсанына бір рет	белгіленген жиілікке сәйкес	белгіленген жиілікке сәйкес	пайдалануға енгізу кезінде, белгіленген жиілікке сәйкес	пайдалануға енгізу кезінде, жылына бір рет
15	Қан қызметі саласында қызметті жүзеге асыратын объектілер	тоқсанына бір рет	белгіленген жиілікке сәйкес	-	пайдалануға енгізу кезінде, белгіленген жиілікке сәйкес	пайдалануға енгізу кезінде, жылына бір рет
16	АИТВ/ЖИТС профилактикасы саласында қызметті жүзеге асыратын денсаулық сақтау объектілері	тоқсанына бір рет	белгіленген жиілікке сәйкес	-	пайдалануға енгізу кезінде, белгіленген жиілікке сәйкес	пайдалануға енгізу кезінде, жылына бір рет
17	Мектепке дейінгі тәрбие және білім беру ұйымдары	тоқсанына бір рет	белгіленген жиілікке сәйкес	белгіленген жиілікке сәйкес	пайдалануға енгізу кезінде, белгіленген жиілікке сәйкес	пайдалануға енгізу кезінде, жылына бір рет
					пайдалануға енгізу кезінде,	пайдалануға енгізу

18	Бастауыш негізгі орта және жалпы орта білім беретін ұйымдар	тоқсанына бір рет	белгіленген жиілікке сәйкес	белгіленген жиілікке сәйкес	белгіленген жиілікке сәйкес	кезінде, жылына бір рет
19	Амбулаториялық-емханалық көмек көрсететін денсаулық сақтау объектілері	тоқсанына бір рет	белгіленген жиілікке сәйкес	-	пайдалануға енгізу кезінде, жылына бір рет	пайдалануға енгізу кезінде, жылына бір рет
20	Қалпына келтіру емі және медициналық оңалту объектілері	тоқсанына бір рет	белгіленген жиілікке сәйкес	белгіленген жиілікке сәйкес	пайдалануға енгізу кезінде, жылына бір рет	пайдалануға енгізу кезінде, жылына бір рет
21	Сот медицинасы және патологиялық анатомия саласында қызметті жүзеге асыратын объектілер	тоқсанына бір рет	белгіленген жиілікке сәйкес	-	пайдалануға енгізу кезінде, жылына бір рет	пайдалануға енгізу кезінде, жылына бір рет
22	Шаштараздар, косметологиялық орталықтар, салондар	тоқсанына бір рет	белгіленген жиілікке сәйкес	белгіленген жиілікке сәйкес	пайдалануға енгізу кезінде, жылына бір рет	пайдалануға енгізу кезінде, жылына бір рет
23	Құс өңдеу объектілері, құс етінің жартылай фабрикаттарын және/немесе құс етінен жасалатын дайын өнім өндіретін объектілер	тоқсанына бір рет	белгіленген жиілікке сәйкес	белгіленген жиілікке сәйкес	пайдалануға енгізу кезінде, жылына бір рет	пайдалануға енгізу кезінде, жылына бір рет
24	Балық өңдеу объектілері, балықтан жасалатын жартылай фабрикаттарды және/немесе балықтан жасалатын дайын өнімді өндіретін объектілер	тоқсанына бір рет	белгіленген жиілікке сәйкес	белгіленген жиілікке сәйкес	пайдалануға енгізу кезінде, белгіленген жиілікке сәйкес	пайдалануға енгізу кезінде, жылына бір рет
25	Тамақ өнімдерін көтерме және бөлшектеп сату базарлары	тоқсанына бір рет	белгіленген жиілікке сәйкес	белгіленген жиілікке сәйкес	пайдалануға енгізу кезінде, белгіленген жиілікке сәйкес	пайдалануға енгізу кезінде, жылына бір рет
26	Стоматологиялық объектілер	тоқсанына бір рет	белгіленген жиілікке сәйкес	-	пайдалануға енгізу кезінде, белгіленген жиілікке сәйкес	пайдалануға енгізу кезінде, жылына бір рет
27	Білім берудің арнайы, арнайы түзету ұйымдары	тоқсанына бір рет	белгіленген жиілікке сәйкес	-	пайдалануға енгізу кезінде, жылына бір рет	пайдалануға енгізу кезінде, жылына бір рет
					пайдалануға енгізу кезінде,	пайдалануға енгізу

28	Тамақ өнімдерін сақтауға арналған қоймалар	тоқсанына бір рет	-	-	жылына бір рет	кезінде, жылына бір рет
29	Санаториялық-сауықтыру және санаториялық-курорттық объектілер	тоқсанына бір рет	белгіленген жиілікке сәйкес	белгіленген жиілікке сәйкес	пайдалануға енгізу кезінде, белгіленген жиілікке сәйкес	пайдалануға енгізу кезінде, жылына бір рет
30	Адамдарды тасымалдауға пайдаланылатын көлік құралдары (теңіз, ішкі су, әуе)	тоқсанына бір рет	-	-	пайдалануға енгізу кезінде, белгіленген жиілікке сәйкес	пайдалануға енгізу кезінде, жылына бір рет
31	Тамақ өнімдерін, азық-түлік шикізатын, шаруашылық-ауыз су мақсатындағы суды тасымалдау үшін пайдаланылатын көлік құралдары (темір жол, теңіз, ішкі су, әуе, автомобиль)	тоқсанына бір рет	-	-	пайдалануға енгізу кезінде, белгіленген жиілікке сәйкес	-

Ескертпе: Тарату желісінің (бақылау нүктелері) ауыз су қауіпсіздігін бақылау мерзімділігін бақылаудағы аумақтағы санитариялық-эпидемиологиялық жағдайға қарай мемлекеттік санитариялық-эпидемиологиялық қадағалау органдары белгілейді.

3 топ – тәуекел дәрежесі елеусіз объектілер

р/с №	Объектілердің түрлері	Тексерулердің базалық жиілігі	Бір жылдағы зертханалық-аспаптық зерттеулер жиілігі			
			Бактериологиялық бақылау	Паразитологиялық бақылау	Санитариялық-химиялық бақылау	Физикалық факторларды бақылау
1	Халыққа коммуналдық, тұрмыстық қызмет көрсету және әлеуметтік мақсаттағы объектілер (2-топта көрсетілген объектілерді қоспағанда)	жылына бір рет	жылына бір рет	жылына бір рет	пайдалануға енгізу кезінде, жылына бір рет	пайдалануға енгізу кезінде, жылына бір рет
	Балаларды тәрбиелеу және білім беру объектілері (2-					пайдалануға енгізу

2	топта көрсетілген объектілерді қоспағанда)	жылына бір рет	жылына бір рет	жылына бір рет	пайдалануға енгізу кезінде, жылына бір рет	кезінде, жылына бір рет
3	Денсаулық сақтау объектілері (2-топта көрсетілген объектілерді қоспағанда)	жылына бір рет	жылына бір рет	жылына бір рет	пайдалануға енгізу кезінде, жылына бір рет	пайдалануға енгізу кезінде, жылына бір рет
4	Көлік құралдары (1 және 2-топтарда көрсетілген объектілерді қоспағанда)	жылына бір рет	-	-	пайдалануға енгізу кезінде, жылына бір рет	-
5	Көлік құралдарына қызмет көрсету объектілері	жылына бір рет	-	-	пайдалануға енгізу кезінде, жылына бір рет	пайдалануға енгізу кезінде, жылына бір рет
6	Зертханалардың барлық түрлері	жылына бір рет	жылына бір рет	-	пайдалануға енгізу кезінде, жылына бір рет	пайдалануға енгізу кезінде, жылына бір рет
7	Тамақ өнімдерінің саудасы объектілері (2-топта көрсетілген объектілерді қоспағанда)	жылына бір рет	жылына бір рет	-	пайдалануға енгізу кезінде, жылына бір рет	пайдалануға енгізу кезінде, жылына бір рет
8	Тамақ өнеркәсібі және тамақ өнімдерін шығару объектілері (1 және 2-топта көрсетілген объектілерді қоспағанда)	жылына бір рет	жылына бір рет	-	пайдалануға енгізу кезінде, жылына бір рет	пайдалануға енгізу кезінде, жылына бір рет
9	Сауықтыру, мәдени және спорттық мақсаттағы объектілер (2-топта көрсетілген	жылына бір рет	жылына бір рет	-	пайдалануға енгізу кезінде, жылына бір рет	пайдалануға енгізу кезінде, жылына бір рет

	объектілерді қоспағанда)					
10	Өнеркәсіп салалары объектілері және өндірістік объектілер	жылына бір рет	-	-	пайдалануға енгізу кезінде, жылына бір рет	пайдалануға енгізу кезінде, жылына бір рет
11	А т о м энергиясын пайдалану объектілер	жылына бір рет	-	-	пайдалануға енгізу кезінде, жылына бір рет	пайдалануға енгізу кезінде, жылына бір рет
12	Радиациялық қауіпті объектілер	жылына бір рет	-	-	пайдалануға енгізу кезінде, жылына бір рет	пайдалануға енгізу кезінде, жылына бір рет

Халықтың санитариялық-эпидемиологиялық салауаттылығы саласында жеке кәсіпкерлік аясындағы тәуекелдер дәрежесін бағалау критерийлеріне
2-қосымша

1-топтың объектілері үшін тәуекел дәрежесін бағалау критерийлері

1. Балалардың сүт асүйлері үшін тәуекел дәрежесін бағалау критерийлері

р/с №	Критерийлер атауы	Бұзушылық түрлері	Нормативтік құқықтық актілердің (бұдан әрі - НҚА) талаптарына сәйкессіздігі	Алдыңғы тексерудің нәтижелері (+/-)
1	Шикізат және дайын өнім сынамаларының зертханалық көрсеткіштерінің сәйкессіздігі	өрескел бұзушылық	45 балл	
2	Ауыз су сынамасының зертханалық көрсеткіштерінің сәйкессіздігі	өрескел бұзушылық	45 балл	
3	Шайындылар сынамаларының зертханалық көрсеткіштерінің сәйкессіздігі	өрескел бұзушылық	45 балл	
4	Мемлекеттік санитариялық-эпидемиологиялық қызмет органы берген санитариялық-эпидемиологиялық қорытындылардың және санитариялық паспорттардың болмауы	орташа бұзушылық	5 балл	
5	Персоналдың медициналық тексеріп-қараудан өту жиілігін және толықтығын бұзуы	орташа бұзушылық	5 балл	

6	Технологиялық және тоңазытқыш жабдығының болмауы, жеткіліксіздігі, жарамсыздығы, өнімді дайындау технологиясының бұзылуы	орташа бұзушылық	5 балл	
7	Ашыту өндірісіне қойылатын талаптардың бұзылуы	орташа бұзушылық	5 балл	
8	Балалар өнімдерін құюға, өлшеп-орауға, қаптауға, таңбалауға қойылатын талаптардың бұзылуы	орташа бұзушылық	5 балл	
9	Шикізат пен дайын өнімнің сапасы мен қауіпсіздігін растайтын құжаттардың болмауы	орташа бұзушылық	5 балл	
10	Шығарылатын өнім түрлерінің бұзылуы	орташа бұзушылық	5 балл	
11	Өнімді дайындау, сақтау және өткізу мерзімдерінің бұзылуы	орташа бұзушылық	5 балл	
12	Жабдықты, мүкамалды, ыдыстарды күтіп-ұстауға, жууға және өндеуге, таңбалауға қойылатын талаптардың бұзылуы	елеусіз бұзушылық	1 балл	
13	Өндірістік үй-жайлар санының жеткіліксіздігі, үй-жайлардың санитариялық-техникалық жағдайына қойылатын талаптардың бұзылуы	елеусіз бұзушылық	1 балл	
14	Дезинфекциялық режимнің бұзылуы	елеусіз бұзушылық	1 балл	
15	Аумақты күтіп-ұстауға және абаттандыруға, қоқыс жинағыштардың, урналардың, қазылған орлардың, аулалық дәретханалардың (бұдан әрі – санитариялық-аулалық қондырғылар) санитариялық жағдайына қойылатын талаптардың бұзылуы	елеусіз бұзушылық	1 балл	
	Барлығы		179 балл	

2. Балаларды сауықтыру ұйымдары үшін тәуекел дәрежесін бағалау критерийлері (маусымдық, жыл бойы)

р/с №	Критерийлер атауы	Бұзушылық түрлері	НҚА талаптарына сәйкессіздігі	Алдыңғы тексерудің нәтижелері (+/-)
1	Шикізат және дайын өнім сынамаларының зертханалық көрсеткіштерінің сәйкессіздігі	өрескел бұзушылық	45 балл	
2	Ауыз су сынамаларының зертханалық көрсеткіштерінің сәйкессіздігі	өрескел бұзушылық	45 балл	
3	Шайындылар сынамаларының зертханалық көрсеткіштерінің сәйкессіздігі	өрескел бұзушылық	45 балл	
4	Мемлекеттік санитариялық-эпидемиологиялық қызмет органы берген санитариялық-эпидемиологиялық қорытындылардың және санитариялық паспорттардың болмауы	орташа бұзушылық	5 балл	

5	Персоналдың медициналық тексеріп-қараудан өту жиілігін және толықтығын бұзуы	орташа бұзушылық	5 балл	
6	Технологиялық және тоңазытқыш жабдығының болмауы, жеткіліксіздігі, жарамсыздығы, өнімді сақтау жағдайлары мен мерзімдерінің бұзылуы	орташа бұзушылық	5 балл	
7	Тағамдарды дайындау технологиясының бұзылуы	орташа бұзушылық	5 балл	
8	Бір балаға арналған аудан нормасының сақталмауы	орташа бұзушылық	5 балл	
9	Тыйым салынған тағамдарды дайындау және пайдалану	орташа бұзушылық	5 балл	
10	Бір балаға арналған тамақтандыру нормасының сақталмауы	орташа бұзушылық	5 балл	
11	Дезинфекциялық және дератизациялық іс-шаралардың болмауы және/немесе жеткіліксіз жүргізілуі	орташа бұзушылық	5 балл	
12	Жағажай құрылғысына және оны күтіп-ұстауға қойылатын талаптардың бұзылуы	елеусіз бұзушылық	1 балл	
13	Жиһазға, спорт және ойын жабдығына, ойын және спорт алаңдарына қойылатын талаптардың бұзылуы	елеусіз бұзушылық	1 балл	
14	Медициналық кабинеттің болмауы және/немесе жеткіліксіз жабдықталуы			
15	Аумақты аймақтауға, күтіп-ұстауға және абаттандыруға, санитариялық-аулалық қондырғылардың санитариялық жағдайына қойылатын талаптардың бұзылуы	елеусіз бұзушылық	1 балл	
	Барлығы		179 балл	

3. Адамдарды тасымалдауға пайдаланылатын темір жол көлік құралы, темір жол, әуе, теңіз, ішкі су көлігіндегі қоғамдық тамақтандыру объектілері үшін тәуекел дәрежесін бағалау критерийлері

р/с №	Критерийлер атауы	Бұзушылық түрлері	НҚА талаптарына сәйкессіздігі	Алдыңғы тексерудің нәтижелері (+/-)
1	Ауыз су сынамаларының зертханалық көрсеткіштерінің сәйкессіздігі	өрескел бұзушылық	45 балл	
2	Шайындылар сынамаларының зертханалық көрсеткіштерінің сәйкессіздігі	өрескел бұзушылық	45 балл	
3	Мемлекеттік санитариялық-эпидемиологиялық қызмет органы берген санитариялық-эпидемиологиялық қорытындылардың және санитариялық паспорттардың болмауы	өрескел бұзушылық	45 балл	

4	П е р с о н а л д ы ң медициналық тексеріп-қараудан өту жиілігін және толықтығын бұзуы	о р т а ш а бұзушылық	5 балл	
5	Дезинфекциялық режимнің бұзылуы	о р т а ш а бұзушылық	5 балл	
6	Салқын және ыстық сумен жабдықтау жүйесіне қойылатын талаптардың бұзылуы	о р т а ш а бұзушылық	5 балл	
7	Жабдыққа, жинау мүкаммалына, таңбалауға қойылатын талаптардың бұзылуы	о р т а ш а бұзушылық	5 балл	
8	Желдетуге, ауа баптауға қойылатын талаптардың бұзылуы	о р т а ш а бұзушылық	5 балл	
9	Экипаждардың, жолсеріктердің еңбек жағдайларына қойылатын талаптардың бұзылуы	о р т а ш а бұзушылық	5 балл	
10	Тоңазыту жабдығымен қамтамасыз етуге қойылатын талаптардың бұзылуы	о р т а ш а бұзушылық	5 балл	
11	Жылытуға қойылатын талаптардың бұзылуы	о р т а ш а бұзушылық	5 балл	
12	Жарыққа қойылатын талаптардың бұзылуы	е л е у с і з бұзушылық	1 балл	
13	Жабдықтың санитариялық-техникалық жағдайына қойылатын талаптардың бұзылуы	е л е у с і з бұзушылық	1 балл	
14	Алмалы-салмалы мүкаммалға қойылатын талаптардың бұзылуы	е л е у с і з бұзушылық	1 балл	
15	Дәрі кобдишасын және эпидемияға қарсы жиынды жабдықтауға қойылатын талаптардың бұзылуы	е л е у с і з бұзушылық	1 балл	
	Барлығы		179 балл	

2-топ объектілері үшін тәуекел дәрежесін бағалау критерийлері 1. Сумен жабдықтау көздері, су құбыры құрылыстары мен желілері үшін тәуекел дәрежесін бағалау критерийлері

р/с №	Критерийлер атауы	Бұзушылық түрлері	НҚА талаптарына сәйкессіздігі	Алдыңғы тексерудің нәтижелері (+/-)
1	Су сынамаларының зертханалық көрсеткіштерінің сәйкессіздігі	о р т а ш а бұзушылық	4 балл	
2	Мемлекеттік санитариялық- эпидемиологиялық қызмет органы берген санитариялық- эпидемиологиялық қорытындылар мен санитариялық паспорттардың болмауы	о р т а ш а бұзушылық	4 балл	
3	П е р с о н а л д ы ң медициналық тексеріп-қараудан өту жиілігін және толықтығын бұзуы	о р т а ш а бұзушылық	4 балл	
4	Суды тазалауға қойылатын талаптардың бұзылуы	о р т а ш а бұзушылық	4 балл	

5	Сумен жабдықтау жүйесіне, объектілерінің құрылымына, оларды күтіп-ұстауға және пайдалануға қойылатын талаптардың бұзылуы	орташа бұзушылық	4 балл	
6	Санитариялық қорғаныш аймақтарының сақталмауы	орташа бұзушылық	4 балл	
7	Сумен жабдықтау көздерін, бас құрылыстарды, әртүрлі шаруашылық қызметі түрлерінде таратушы су құбыры желісін қорғауға қойылатын талаптардың бұзылуы	орташа бұзушылық	4 балл	
8	Пайдаланылатын шикізат пен материалдардың сапасы мен қауіпсіздігін растайтын құжаттардың болмауы	орташа бұзушылық	4 балл	
9	Дезинфекциялық режимнің бұзылуы	орташа бұзушылық	4 балл	
10	Алғашқы медициналық көмек дәрі қобдишасының болмауы немесе толықтырылмауы	орташа бұзушылық	4 балл	
11	Қауіпсіздік техникасының бұзылуы	елеусіз бұзушылық	1 балл	
12	Өндірістік зертханалардың болмауы немесе сәйкессіздігі	елеусіз бұзушылық	1 балл	
13	Аумақты күтіп-ұстауға және абаттандыруға, санитариялық-аулалық қондырғылардың санитариялық жағдайына қойылатын талаптардың бұзылуы	елеусіз бұзушылық	1 балл	
	Барлығы		43 балл	

2. Интернат ұйымдары үшін тәуекел дәрежесін бағалау критерийлері

р/с №	Критерийлер атауы	Бұзушылық түрлері	НҚА талаптарына сәйкессіздігі	Алдыңғы тексерудің нәтижелері (+/-)
1	Өнімдердің және/немесе судың сынамаларының зертханалық көрсеткіштерінің сәйкессіздігі	орташа бұзушылық	4 балл	
2	Шайындылар сынамаларының зертханалық көрсеткіштерінің сәйкессіздігі	орташа бұзушылық	4 балл	
3	Мемлекеттік санитариялық-эпидемиологиялық қызмет органы берген санитариялық-эпидемиологиялық қорытындылардың және санитариялық паспорттардың болмауы	орташа бұзушылық	4 балл	
4	Персоналдың медициналық тексеріп-қараудан өту жиілігін және толықтығын бұзуы	орташа бұзушылық	4 балл	
5	Технологиялық және тоңазытқыш жабдығының болмауы, жеткіліксіздігі, жарамсыздығы	орташа бұзушылық	4 балл	
6	Тағамдар дайындау технологиясының бұзылуы және/немесе тыйым салынған тағамдарды пайдалану	орташа бұзушылық	4 балл	

7	Бір балаға арналған аудан нормасының сақталмауы	орташа бұзушылық	4 балл	
8	Температуралық режимнің сақталуы	орташа бұзушылық	4 балл	
9	Күн режиміне және/немесе дене және гигиеналық тәрбиеге қойылатын талаптардың бұзылуы	орташа бұзушылық	4 балл	
10	Дезинфекциялық режимнің бұзылуы	орташа бұзушылық	4 балл	
11	Үй-жайлардың санитариялық-техникалық жағдайына қойылатын талаптардың бұзылуы	елеусіз бұзушылық	1 балл	
12	Медициналық кабинеттің, изолятордың болмауы және жеткіліксіз жабдықталуы			
13	Аумақты күтіп-ұстауға және абаттандыруға, санитариялық-ауалық қондырғылардың санитариялық жағдайына қойылатын талаптардың бұзылуы	елеусіз бұзушылық	1 балл	
	Барлығы		43 балл	

3. Сүт өндеу объектілері, дайын сүт өнімін өндіретін объектілер үшін тәуекел дәрежесін бағалау критерийлері

р/с №	Критерийлер атауы	Бұзушылық түрлері	НҚА талаптарына сәйкессіздігі	Алдыңғы тексерудің нәтижелері (+/-)
1	Шикізаттың және/немесе сүт өнімдері сынамаларының зертханалық көрсеткіштерінің сәйкессіздігі	орташа бұзушылық	4 балл	
2	Ауыз су сынамаларының зертханалық көрсеткіштерінің сәйкессіздігі	орташа бұзушылық	4 балл	
3	Шайындылар сынамаларының зертханалық көрсеткіштерінің сәйкессіздігі	орташа бұзушылық	4 балл	
4	Мемлекеттік санитариялық-эпидемиологиялық қызмет органы берген санитариялық-эпидемиологиялық қорытындылардың және санитариялық паспорттардың болмауы	орташа бұзушылық	4 балл	
5	Персоналдың медициналық тексеріп-қараудан өту жиілігін және толықтығын бұзуы	орташа бұзушылық	4 балл	
6	Дезинфекциялық режимнің бұзылуы	орташа бұзушылық	4 балл	
7	Сүт өнімдерін пастерлеу кезінде технологиялық процестің автоматты бақылау-тіркеу аспаптарының болмауы немесе ақаулығы	орташа бұзушылық	4 балл	
8	Шикізатты және дайын өнімді сақтау, өткізу және тасымалдау жағдайларының болмауы немесе бұзылуы	орташа бұзушылық	4 балл	
9	Пайдаланылатын шикізаттың және өткізілетін өнімнің сапасы мен қауіпсіздігін растайтын құжаттардың болмауы	орташа бұзушылық	4 балл	

10	Өндірістік қалдықтарды кәдеге жарату талаптарының бұзылуы	орташа бұзушылық	4 балл	
11	Үй-жайлардың қанағаттанғысыз санитариялық-техникалық жағдайы	елеусіз бұзушылық	1 балл	
12	Аумақты күтіп-ұстауға және абаттандыруға, санитариялық-аулалық қондырғылардың санитариялық жағдайына қойылатын талаптардың бұзылуы	елеусіз бұзушылық	1 балл	
13	Өндірістік зертхананың болмауы немесе сәйкессіздігі	елеусіз бұзушылық	1 балл	
	Барлығы		43 балл	

4. Ет өңдеу объектілері, еттің жартылай фабрикаттарын және/немесе дайын ет өнімін өндіретін объектілер үшін тәуекел дәрежесін бағалау критерийлері

р/с №	Критерийлер атауы	Бұзушылық түрлері	НҚА талаптарына сәйкессіздігі	Алдыңғы тексерудің нәтижелері (+/-)
1	Шикізат және/немесе өнім сынамаларының зертханалық көрсеткіштерінің сәйкессіздігі	орташа бұзушылық	4 балл	
2	Ауыз су сынамаларының зертханалық көрсеткіштерінің сәйкессіздігі	орташа бұзушылық	4 балл	
3	Шайындылар сынамаларының зертханалық көрсеткіштерінің сәйкессіздігі	орташа бұзушылық	4 балл	
4	Мемлекеттік санитариялық-эпидемиологиялық қызмет органы берген санитариялық-эпидемиологиялық қорытындылардың және санитариялық паспорттардың болмауы	орташа бұзушылық	4 балл	
5	Персоналдың медициналық тексеріп-қараудан өту жиілігін және толықтығын бұзуы	орташа бұзушылық	4 балл	
6	Дезинфекциялық режимнің бұзылуы	орташа бұзушылық	4 балл	
7	Шикізат пен дайын өнімді сақтау, өткізу және тасымалдау жағдайларының болмауы немесе бұзылуы	орташа бұзушылық	4 балл	
8	Шартты жарамды етті қайта өңдеу жағдайларының болмауы немесе бұзылуы	орташа бұзушылық	4 балл	
9	Пайдаланылатын шикізаттың, өткізілетін өнімнің сапасы мен қауіпсіздігін растайтын құжаттардың болмауы	орташа бұзушылық	4 балл	
10	Өндірістік қалдықтарды кәдеге жарату талаптарының бұзылуы	орташа бұзушылық	4 балл	
11	Натрий нитритін сақтау жағдайларының бұзылуы	елеусіз бұзушылық	1 балл	

12	Аумақты күтіп-ұстауға және абаттандыруға, санитариялық-аулалық қондырғылардың санитариялық жағдайына қойылатын талаптардың бұзылуы	елеусіз бұзушылық	1 балл	
13	Өндірістік зертханалардың болмауы немесе сәйкессіздігі	елеусіз бұзушылық	1 балл	
	Барлығы		43 балл	

5. Кондитерлік, кондитерлік-крем бұйымдарын және ұнның жартылай фабрикаттарын өндіретін объектілері үшін тәуекел дәрежесін бағалау критерийлері

р/с №	Критерийлер атауы	Бұзушылықтар атауы	НҚА талаптарына сәйкессіздігі	Алдыңғы тексерудің нәтижелері (+/-)
1	Шикізат және/немесе дайын өнім сынамаларының зертханалық көрсеткіштерінің сәйкессіздігі	орташа бұзушылық	4 балл	
2	Ауыз су сынамаларының зертханалық көрсеткіштерінің сәйкессіздігі	орташа бұзушылық	4 балл	
3	Шайындылар сынамаларының зертханалық көрсеткіштерінің сәйкессіздігі	орташа бұзушылық	4 балл	
4	Мемлекеттік санитариялық-эпидемиологиялық қызмет органы берген санитариялық-эпидемиологиялық қорытындылардың және санитариялық паспорттардың болмауы	орташа бұзушылық	4 балл	
5	Персоналдың медициналық тексеріп-қараудан өту жиілігін және толықтығын бұзуы	орташа бұзушылық	4 балл	
6	Жұмыртқаны өңдеуге, дезинфекциялауға, жұмыртқаларды, жұмыртқа массасын, меланж дайындауға, сақтауға қойылатын талаптардың бұзылуы	орташа бұзушылық	4 балл	
7	Технологиялық және тоңазытқыш жабдығының болмауы, жеткіліксіздігі, жарамсыздығы, өнімді дайындау технологиясының бұзылуы	орташа бұзушылық	4 балл	
8	Шикізаттың және өткізілетін өнімнің сапасын және қауіпсіздігін растайтын құжаттардың болмауы	орташа бұзушылық	4 балл	
9	Дайын өнімді өлшеп-орауға, қаптауға, таңбалауға қойылатын талаптардың бұзылуы	орташа бұзушылық	4 балл	
10	Өнімді дайындау, сақтау және өткізу мерзімдерінің бұзылуы	орташа бұзушылық	4 балл	
11	Кондитерлік бұйымдарды сауда желісінен кері қайтарудың болуы және оларды қайта өңдеу	елеусіз бұзушылық	1 балл	
12	Жабдықты, мүкамалды, ыдыстарды күтіп-ұстауға және өңдеуге, таңбалауға қойылатын талаптардың бұзылуы	елеусіз бұзушылық	1 балл	

13	Тамақ қалдықтарын жинауға және уақытша сақтауға қойылатын талаптардың бұзылуы	елеусіз бұзушылық	1 балл	
	Барлығы		43 балл	

6. Тамақ өнімінің көтерме сауда объектілері үшін тәуекел дәрежесін бағалау критерийлері

р/с №	Критерийлер атауы	Бұзушылық түрлері	НҚА талаптарына сәйкессіздігі	Алдыңғы тексерудің нәтижелері (+/-)
1	Өнімдер сынамаларының зертханалық көрсеткіштерінің сәйкессіздігі	орташа бұзушылық	4 балл	
2	Ауыз су сынамаларының зертханалық көрсеткіштерінің сәйкессіздігі	орташа бұзушылық	4 балл	
3	Шайындылар сынамаларының зертханалық көрсеткіштерінің сәйкессіздігі	орташа бұзушылық	4 балл	
4	Мемлекеттік санитариялық-эпидемиологиялық қызмет органы берген санитариялық-эпидемиологиялық қорытындылар мен санитариялық паспорттардың болмауы	орташа бұзушылық	4 балл	
5	Персоналдың медициналық тексеріп-қараудан өту жиілігін және толықтығын бұзуы	орташа бұзушылық	4 балл	
6	Өнімді тасымалдау жағдайларының, сақтау және өткізу мерзімдерінің болмауы және бұзылуы	орташа бұзушылық	4 балл	
7	Өткізілетін өнімнің сапасы мен қауіпсіздігін растайтын құжаттардың болмауы	орташа бұзушылық	4 балл	
8	Сауда-технологиялық мұқаммалдың және тоңазытқыш жабдығының болмауы және жеткіліксіз жабдықталуы	орташа бұзушылық	4 балл	
9	Қалдықтарды кәдеге жарату талаптарының бұзылуы	орташа бұзушылық	4 балл	
10	Өнімдерді сақтау кезінде тауар көршілестігінің бұзылуы	орташа бұзушылық	4 балл	
11	Жабдықты, мұқаммалды, ыдыстарды күтіп-ұстауға, өңдеуге және жууға қойылатын талаптардың бұзылуы	елеусіз бұзушылық	1 балл	
12	Дезинфекциялық режимнің бұзылуы	елеусіз бұзушылық	1 балл	
13	Аумақты күтіп-ұстауға және абаттандыруға, санитариялық-аулалық қондырғылардың санитариялық жағдайына қойылатын талаптардың бұзылуы	елеусіз бұзушылық	1 балл	
	Барлығы		43 балл	

7. Қоғамдық тамақтану объектілері үшін тәуекел дәрежесін бағалау критерийлері

p/c №	Критерийлер атауы	Бұзушылық түрлері	НҚА талаптарына сәйкессіздігі	Алдыңғы тексерудің нәтижелері (+/-)
1	Шикізат және/немесе дайын өнім, ауыз су, шайындылар сынамаларының зертханалық көрсеткіштерінің сәйкессіздігі	орташа бұзушылық	4 балл	
2	Мемлекеттік санитариялық-эпидемиологиялық қызмет органы берген санитариялық-эпидемиологиялық қорытындылар мен санитариялық паспорттардың болмауы	орташа бұзушылық	4 балл	
3	Персоналдың медициналық тексеріп-қараудан өту жиілігін және толықтығын бұзуы	орташа бұзушылық	4 балл	
4	Шикізат пен дайын өнімді сақтау кезінде тауар көршілестігінің бұзылуы	орташа бұзушылық	4 балл	
5	Өткізілетін тамақ өнімдерінің температуралық режимінің бұзылуы	орташа бұзушылық	4 балл	
6	Дайындау технологиясының және тамақ өнімдерінің дефростация (еріту) ережесінің бұзылуы	орташа бұзушылық	4 балл	
7	Тез бұзылатын өнімдерді сақтау, тасымалдау жағдайларының және өткізу мерзімдерінің бұзылуы	орташа бұзушылық	4 балл	
8	Технологиялық және тоңазытқыш жабдығының болмауы, жеткіліксіздігі, ақаулығы	орташа бұзушылық	4 балл	
9	Шикізат пен өткізілетін өнімнің сапасы мен қауіпсіздігін растайтын құжаттардың болмауы	орташа бұзушылық	4 балл	
10	Дезинфекциялық режимнің бұзылуы	орташа бұзушылық	4 балл	
11	Тамақ қалдықтарын жинауға, сақтауға және жоюға қойылатын талаптардың бұзылуы	елеусіз бұзушылық	1 балл	
12	Өңделетін өнім түрлері бойынша өңдеу мұқаммалының таңбасының болмауы және сақталмауы	елеусіз бұзушылық	1 балл	
13	Аумақты күтіп-ұстауға және абаттандыруға, санитариялық-ауалық қондырғылардың санитариялық жағдайына қойылатын талаптардың бұзылуы	елеусіз бұзушылық	1 балл	
	Барлығы		43 балл	

8. Арнайы мақсаттағы тамақ өнімдерін, биологиялық активті қоспаларды және өзге де тамақ өнімдерінің топтарын өндіретін және өткізетін объектілер үшін тәуекел дәрежесін бағалау критерийлері

р/с №	Критерийлер атауы	Бұзушылық түрлері	НҚА талаптарына сәйкессіздігі	Алдыңғы тексерудің нәтижелері (+/-)
1	Шикізат және/немесе дайын өнім сынамаларының зертханалық көрсеткіштерінің сәйкессіздігі	орташа бұзушылық	4 балл	
2	Ауыз су сынамаларының зертханалық көрсеткіштерінің сәйкессіздігі	орташа бұзушылық	4 балл	
3	Шайындылар сынамаларының зертханалық көрсеткіштерінің сәйкессіздігі	орташа бұзушылық	4 балл	
4	Мемлекеттік санитариялық-эпидемиологиялық қызмет органы берген санитариялық-эпидемиологиялық қорытындылар мен санитариялық паспорттардың болмауы	орташа бұзушылық	4 балл	
5	Персоналдың медициналық тексеріп-қараудан өту жиілігін және толықтығын бұзуы	орташа бұзушылық	4 балл	
6	Мемлекеттік тіркеуге жататын, мемлекеттік тіркеуі жоқ өнімді өндіру және өткізу	орташа бұзушылық	4 балл	
7	Технологиялық және тоңазытқыш жабдығының болмауы, жеткіліксіздігі, ақаулығы, өнімді дайындау технологиясының бұзылуы	орташа бұзушылық	4 балл	
8	Шикізаттың және өткізілетін өнімнің сапасы мен қауіпсіздігін растайтын құжаттардың болмауы	орташа бұзушылық	4 балл	
9	Дайын өнімді өлшеп-орауға, қаптауға, таңбалауға қойылатын талаптардың бұзылуы	орташа бұзушылық	4 балл	
10	Өнімді дайындау, сақтау және өткізу мерзімдерінің бұзылуы	орташа бұзушылық	4 балл	
11	Кондитерлік бұйымдарды сауда желісінен кері қайтарудың болуы және оларды қайта өңдеу	елеусіз бұзушылық	1 балл	
12	Жабдықты, мүкамалды, ыдысты күтіп-ұстауға және өңдеуге, таңбалауға қойылатын талаптардың бұзылуы	елеусіз бұзушылық	1 балл	
13	Тамақ қалдықтарын жинауға және уақытша сақтауға қойылатын талаптардың бұзылуы	елеусіз бұзушылық	1 балл	
	Барлығы		43 балл	

9. Сүт дайындау объектілері үшін тәуекел дәрежесін бағалау критерийлері (сүт-тауар фермалары, сүт блоктары, сүт қабылдау пункттері)

--	--	--	--	--

р/с №	Критерийлер атауы	Бұзушылық түрлері	Н Қ А талаптарына сәйкессіздігі	Алдыңғы тексерудің нәтижелері (+/-)
1	Сүт сынамаларының зертханалық көрсеткіштерінің сәйкессіздігі	орташа бұзушылық	4 балл	
2	Ауыз су сынамаларының зертханалық көрсеткіштерінің сәйкессіздігі	орташа бұзушылық	4 балла	
3	Шайындылар сынамаларының зертханалық көрсеткіштерінің сәйкессіздігі	орташа бұзушылық	4 балл	
4	Мемлекеттік санитариялық-эпидемиологиялық қызмет органы берген санитариялық-эпидемиологиялық қорытындылар мен санитариялық паспорттардың болмауы	орташа бұзушылық	4 балл	
5	Персоналдың медициналық тексеріп-қараудан өту жиілігін және толықтығын бұзуы	орташа бұзушылық	4 балл	
6	Мал шаруашылығының эпизоотиялық салауаттылығын растайтын құжаттар болуы	орташа бұзушылық	4 балл	
7	Сүтті сақтау жағдайларының болмауы және/немесе бұзылуы	орташа бұзушылық	4 балл	
8	Сүтті тасымалдау жағдайларының болмауы және/немесе бұзылуы	орташа бұзушылық	4 балл	
9	Жұмыскерлердің еңбек жағдайларының бұзылуы	орташа бұзушылық	4 балл	
10	Үй-жайлардың қанағаттанғысыз санитариялық-техникалық жағдайы	орташа бұзушылық	4 балл	
11	Дезинфекциялық режимнің бұзылуы	елеусіз бұзушылық	1 балл	
12	Аумақты күтіп-ұстауға және абаттандыруға қойылатын талаптардың бұзылуы	елеусіз бұзушылық	1 балл	
13	Санитариялық-аулалық қондырғылардың санитариялық жағдайына қойылатын талаптардың бұзылуы	елеусіз бұзушылық	1 балл	
	Барлығы		43 балл	

10. Алкогольсіз өнім өндіретін объектілер үшін тәуекел дәрежесін бағалау критерийлері (оның ішінде сыйымдылықтарға өлшеп-оралған сусындар мен ауыз су)

р/с №	Критерийлер атауы	Бұзушылық түрлері	Н Қ А талаптарына сәйкессіздігі	Алдыңғы тексерудің нәтижелері (+/-)
1	Шикізат және/немесе дайын өнім сынамаларының зертханалық көрсеткіштерінің сәйкессіздігі	орташа бұзушылық	4 балл	
2	Шайындылар сынамаларының зертханалық көрсеткіштерінің сәйкессіздігі	орташа бұзушылық	4 балл	

3	Технологиялық жабдықтың болмауы немесе ақаулығы	орташа бұзушылық	4 балл	
4	Мемлекеттік санитариялық-эпидемиологиялық қызмет органы берген санитариялық-эпидемиологиялық қорытындылар мен санитариялық паспорттардың болмауы	орташа бұзушылық	4 балл	
5	Персоналдың медициналық тексеріп-қараудан өту жиілігін және толықтығын бұзуы	орташа бұзушылық	4 балл	
6	Дезинфекциялық режимнің бұзылуы	орташа бұзушылық	4 балл	
7	Шикізат пен дайын өнімді сақтау, өлшеп-орау, қаптау, таңбалау, өткізу және тасымалдау жағдайларының болмауы және бұзылуы	орташа бұзушылық	4 балл	
8	Суды тасымалдауға арналған құбырларға және сыйымдылықтарға қойылатын талаптардың бұзылуы	орташа бұзушылық	4 балл	
9	Тығындау материалдарына қойылатын талаптардың бұзылуы	орташа бұзушылық	4 балл	
10	Пайдаланылатын шикізаттың, өткізілетін өнімнің сапасы мен қауіпсіздігін растайтын құжаттардың болмауы	орташа бұзушылық	1 балл	
11	Жабдықты, мүкәммалды, ыдыстарды күтіп-ұстауға, жууға және өңдеуге, таңбалауға қойылатын талаптардың бұзылуы	елеусіз бұзушылық	1 балл	
12	Өндірістік зертхананың болмауы немесе сәйкессіздігі	елеусіз бұзушылық	1 балл	
13	Аумақты күтіп-ұстауға және абаттандыруға, санитариялық-ауалық қондырғылардың санитариялық жағдайына қойылатын талаптардың бұзылуы	елеусіз бұзушылық		
	Барлығы		43 балл	

